Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Сәлеметсің бе, балақай! Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. «Қайырлы таң». Балалардың дене қызуларын өлшеп, тазалықтарын тексеру.				
Ойындар (үстел- үсті,саусақ және т.б)	Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады».	Дидактикалық ойын: «Суретті құрастыр».	Дидактикалық ойын: «Не қайда өседі?»	Дидактикалық ойын: «Сандарды ретімен орналастыр»	Дидактикалық ойын: «Жетпейтін бөліктерді ата»
Таңертеңгі жаттығу	Жаттығулар кешені №12				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық шараларды өздігінен орындайды. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйренеді. «Бата беру»				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Сюжетті ойын: «Киім дүкені»	Дидактикалық ойын: «Сықырлы қапшық»	Дидактикалық ойыны «Дөңгелек құрастыр»	Саусақ жаттығуы: «Салат»	Дидактикалық ойыны; «Көп және біреу»
Ұйымдас-	1. Сурет салу	1. Дене шынықтыру.	1. Музыка	1.Математика негіздері	1.Құрастыру

<p>тырылған оқу қызметтері</p>	<p>Тақырыбы: «Тәтті тоқаш» Мақсаты: Нанды қастерлеуге тәрбиелеу. Тоқаш нан суретін салуға үйренеді. Дөңгелек пішінді салу қабілетін дамыту. Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыра отырып, мазмұнды композиция салу дағдыларын дамыту.</p> <p>2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: М.Етекбаев «Нан қайдан шығады?» ертегісі Мақсаты: Балаларға көрнекі құралдарды пайдалана отырып, ертегінің мазмұнын. Оқу іс-әрекет барысында балаларға нанды қастерлеу керектігін түсіндіре келе адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиеленеді. Нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын меңгереді.</p>	<p>Ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиеленеді. Музыкалық-ырғақты қимылдарды меңгереді. Дене бітімдері дамиды. Негізгі қимылдар: Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу. Бір орында тұрып, ұзындыққа 4-бсызықтың үстімен секіру (ара қаш-ы 40-50см). Затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м), (ара қаш-ы 1,5-2м) лақтыру. Қимылды ойын: «Дәннен бидайға» 2. Мүсіндеу Тақырыбы: «Бидай мен қаңбақ» Балалардың ойлау қабілетін оятып, еңбек етуге, адамгершілікке тәрбиеленеді. Мысалды оқып беру, түсіндіру, бидаймен қаңбақ туралы өзіндік көзқарастарын қалыптасады. Мысалдың мазмұны бойынша тақырыптық көрініс ұйымдастырды, ой-өрісі мен дүние танымы дамиды. Ұжымдық мазмұнды композицияны құрастыру дағдыларын қалыптасады</p>	<p>Тақырыбы: «Нан болса ән де болады» Мақсаты: Нанның қадір-қасиеті және музыканың рухани азық екендігі туралы байланыстыра әңгімелеу. Би қимылда-рында жеңіл тербелу, жұптаса айналу т.б. орындау Әуенді ырғақты қимыл: «Ақ бидайлар биі» Музыка тыңдау: «Диірмен» Т. Ломова («Зерек ботақан» жинағынан) Ән айту: «Бақытты баламыз» А. Еспенбетова Ойын ойнау: «Мысық пен тышқан» Қимылды ойын 2. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бидай мен қаңбақ» А. Тоқмағанбетов Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін оятып, еңбек етуге, адамгершілікке тәрбиеленеді. Мысалды оқып беру, түсіндіру, бидаймен қаңбақ туралы өзіндік көзқарастарын қалыптасады. Мысалдың мазмұны бойынша тақырыптық көрініс ұйымдастырды, ой-өрісі мен дүние танымы дамиды.</p>	<p>Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі Заттардың жиынтық сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру. Осы заттардың сынарын қою негізінде салыстырып теңдігін анықтау. 2. Дене шынықтыру. Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу. Затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м), (ара қаш-ы 1,5-2м) лақтыру. Құрсауды домалату. Қимылды ойын: «Қарауыл»</p>	<p>Тақырыбы: «Наубайхана» (табиғи және қалдық материалдармен жұмыс) Берілген тапсырманы орындауға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, нақыл сөздердің тәрбиелік мәнін түсінуге үйрету. Дән тұқымымен танысу, бидайдан нан жасалатынын айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі істелетін еңбек мазмұнымен, қолданылатын техникалардың аттармен танысуды меңгереді. Балалардың ақыл -ой белсенділігін арттыру. Өлең, нақыл сөз, мақал-мәтел арқылы тіл байлығы дамиды 2. Дене шынықтыру. Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу. Бір орында тұрып, ұзындыққа 4-бсызықтың үстімен секіру (ара қаш-ы 40-50см). Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын: «Егістіктегі жел 3. Жаратылыстану Тақырыбы: «Нан қалай пайда болды?» Мақсаты: Нанды ардақтауға, ысырап қылмауға тәрбиеленеді, үлкендердің еңбегін қадірлеуге</p>
---------------------------------------	--	--	--	--	---

					үйренеді. Үннан жасалатын тағамдар туралы әңгімелеу, дикан мен наубайшылардың еңбегі жайлы түсінік қалыптасады. Диканшы еңбегін туралы білімдерін меңгереді. Балалардың ойлау қабілеті, сөздік қоры дамид
II -таңғы ас	Үстел басында нанды үгітпей, қоқымдарды шашпауға тәрбиелеу				
Серуенге дайындық	Киінеді: Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Достарына көмек береді. Аяқ киімдерінің бауларын байлайды және сыдырмаларын жабады. Дербес іс-әрекет жасайды.				
Серуен. Табиғатпен танысу, ойындар, еңбек	<p>Бақылау №26 Топырақты бақылау Алаңқайдың қай жерлері тез кебетіні жөнінде балаларға түсінік беру: құмды жер ме, әлде сазды жер ме. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді, ал құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі соны бақылату, соны көре білу.</p> <p>Болжам Сәуірдің суы болса, көк көп болар, Жайылымда сәуірде су болса-мая-мая шөп болар. Еңбек іс-әрекеті</p> <p>Топырақты құнарландыру</p>	<p>Бақылау №27 Балықтарға бақылау жасау Өзен жағасында отырған балықшыларға балалардың назарын аударту. Олар немен айналысып жатыр? (балық аулап жатыр) Балықшының құрал-сайманын қарап алу (қармақ, балыққа арналған шелек, құрттар салынған бәнкі). Балықшылардың өзенге қармақ лақтыруын және оны тағатсыздана күтіп, балықтың қармаққа қабуын бақылау. Балаларды табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға үйрету. Өзенде балық көп болған жағдайда, өзен суы таза, мөлдір болатыны жайлы түсінік беру.</p>	<p>Бақылау №28 .Ересектердің бақшадағы еңбегін бақылау Балаларда көктемде топырақты дайындап, көкөніс егу науқаны басталатыны жайында түсінігін қалыптастыру. Тынымсыз еңбек ету нәтижесінде адамдар көкөністі өсіріп күтуде мол өнім алу мүмкіндігіне ие болатынын, балаларға түсіндіру. Қимылды ойын «Арқан тартыс» Күш-жігерді дамыту, қарсыласын өз жағына тартуда шыдамдылық таныту. Еңбек іс-әрекеті Гүлзарға гүл отырғызу Гүл отырғызатын орынды таңдап алып оны суару. Еңбек мәдениетін қалыптастыруды үйрету. (еңбек құралдарын қолдану жұмыс орнын</p>	<p>Бақылау №29 Үй құрылысын бақылау Балалардың назарын құрылыс алаңына аудару. Үй құрылысында түрлі құрылыс машиналары қолданылады; Экскаваторлар, бульдозерлер, қада қағу жұмысында қрандар, бетондық жұмыста бетон араластырғыш. Құрылыс алдында жерді қазып тұғыр орнатады. Құрылыс материалдары жоғарыға қран машиналары арқылы көтеріледі. Қран машинасының үлкен қолы бар, ол стрела деп аталады. Қраншы қран машинасында отырып жұмыс басқарады. Ауыр жүкті қалың трос сымымен көтереді. Еңбекке деген құрметті тәрбиелеу. Қимылды ойын «Бояушы мен бояулар»</p>	<p>Бақылау №1 Ауа райына бақылау жасау Көктемгі ауа райы өте құбылмалы, бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды. Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып, күн сәулесін мол шашады. Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады. Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. Балалардың байқампаздығын, табиғатпен қарым-қатынасын дамыту.</p> <p>Қимылды ойын «Қасқыр мен лақтар» Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру (лақтар алаңда</p>

	Балаларды өсімдіктерді дұрыс және ұқыпты құнарландыруға үйрету; белгілі мөлшерде нәрлі ерітінділерді құю. Еңбек ету біліктіліктерін тәрбиелеу.	Байқампаздық пен сезімталдықты дамыту. Қимылды ойын «Қармақ» Шыр айналған жіптен секіре білуді бекіту, жіп ұшына құм салынған қап байланады. Зейінді дамыту. Еңбек іс-әрекеті Гүлзарға гүл тұқымын отырғызу Тұқым туралы түсінігін бекіту, өздерінің тұқымды еге білуін жетілдіру. (тұқымды бармақтай шұңқырға арақашықтығын 3 см етіп қайта топырақпен көму, су құю. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	таза, ұқыпты ұстау).	<i>Тепе-теңдікті сақтау (ойын барысында гимнастикалық орындықта тұру); жүгіру, тез қимылдау, оқу іс-әрекетінен алған дағдыларын жүзеге асыру. Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру. Еңбек іс-әрекеті Алаңдағы құм мен қоқысты жинау Қоршаған ортаны күнделікті мезгілмен жинап, жан-жағына пайдасын тигізу.</i>	жүгіреді); жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді. Ойын шартын бұзбау, ұсталғандары шетке шығады. Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту. Еңбек іс-әрекеті Топырақты тұқым салуға дайындау. Еңбектенуге деген қабілетін дамыту, бастаған ісін аяқтау, үлкендерге көмектесу. Дидактикалық ойындар.
Серуеннен оралу Гигиеналық және сауықтыру шаралары	Балалар өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Балалар реттілікпен киімдерін шешеді.				
Түскі ас	Мәдени-гигиеналық шараларды өздігінен орындайды. Үлкендер еңбегін бағалауға үйренеді. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіреді. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйренеді.				
	Дастарханыңа береке берсін, Дендеріңе саулық берсін. Әумин!	Дастарханың мол болсын. Қайда жүрсен жол болсын.	Нан-тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсің	Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастандар.	Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Әумин!
Түскі ұйқы	«Шалқан» ертегісін оқып беру	Баяу әуен тыңдату	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру	Баяу әуен тыңдату	Баяу әуен тыңдату
Ұйқыдан біртіндеп тұрғызу, жаттығулары. Сауықтыру шаралары.	Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындайды.				
	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды	Түйіршікті және жұмасақ жолақшалармен жүру.	Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау.	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау	Түйіршікті және жұмасақ жолақшалармен жүру.

	орындау				
Бесін ас	Дастархан басындағы әдептілікті үйренеді, тамақты тауысып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелейді.				
Ойындар, дербес әрекет	Санамақтар 1-білім алдым 2-есік салдым 3-үй көшірдім 4-төл өсірдім 5-белге шықтым 6-асық тіздім 7-желім жақтым 8 –серке бақтым 9-тойға бардым 10-отын жардым.	Вариативтік бөлім Бөлімі: «Тайф қаласындағы аралар» әңгімесі Мақсаты: Ислам тарихындағы айтулы оқиғаларды тыңдай білуге тәрбиеленеді. Табиғат әлеміндегі ғажайып жәндік араның керемет пайдалы қасиеттерін түсінеді. Аралардың еңбекқор жәндік екені туралы түсініктері дамиды.	Вариативтік бөлім Бөлімі: «Ертегілер елінде» Тақырыбы: «Жылбасын аталасқан хайуанат тар» ертегісі Мақсаты: Балаларды жануарларды сүюге тәрбиелеу. Ертегіні сахналау арқылы тілбайлықтарын дамыту. Көзбұлшықеттерін дамытады.	Сюжет.- рөлдік ойын «Тігінші» Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру.	«Менің үй жануарларым» Өтірік өлең Келе жатсам жұмысқа. Шыға келдім құмырсқа, Құмырсқаға мініп ап, Жетіп алдым жұмысқа.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алады; Малика Медина	Ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айтады Айсель Асылым	мазмұнды композицияның бейнесін салу дағдыларын игерген Жанайым Алиби	Мүсіндеуде кескішті қолдана біледі Айша Айда	жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастырады.; Бағдаулет Аделья
Серуенге дайындық	Киінеді: Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Достарына көмек береді. Аяқ киімдерінің бауларын байлайды және сыдырмаларын жабады. Дербес іс-әрекет жасайды.				
Серуендеу	Серуенге қызығушылық танытады. Балалардың ойын алаңындағы дербес ойындары.				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігін ата-анасына айту. Демалыс күндері күндізгі ұйқысын сақтауын ата-аналардан өтіну.				

Әдіскер:
Ұсыныс _____

ЦИКЛОГРАММА

«Меруерт» бөбекжай бала бақшасы жеке мекемесі, «Балдәурен» Ересек тобы

3-апта сәуір (18.04-22.04. 2022 жыл)

Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»

Мақсаты: Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру, ересектермен еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулық, тілдік, танымдық және шығармашылық деңгейлері бойынша білім, білік, дағдыларын арттыру.

Міндеттері:

1. Шынықтырудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасын сақтауға қалыптастыру;
2. Үлкендердің еңбегімен таныстыра отырып еңбекті құрметтеуге үйрету. Еңбек әрекеттерін орындауға ынталандыру;
3. Түрлі техникаларды қолдану арқылы пәндік шығармашылық ортаны қалыптастыру, өнерге баулу;
4. Еңбек ету барысында қоршаған ортаны күтіп-баптауға қалыптастыру, бақылағыштық сезімдерін дамыту.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 1. «Қатынас»б.б.с. Сөйлеуді дамыту 2.«Денсаулық» б.б.с. Дене шынықтыру	Сейсенбі 1. «Әлеумет» б.б.с. А.Қоршаған ортамен танысу (1/3) «Таным» б.б.с. Ә.Құрастыру (2/4) 2.«Қатынас»б.б.с. Орыс тіл 1/3 3.«Шығармашылық» б.б.с. Музыка	Сәрсенбі 1. Қатынас»б.б.с. Көркем әдебиет (1/3) 2.«Шығармашылық» б.б.с. Жапсыру (1/3) Мүсіндеу (2/4) 3.«Денсаулық» б.б.с. Дене шынықтыру	Бейсенбі 1.«Таным»б.б.с. Математика негіздері 2.«Денсаулық» б.б.с. Дене шынықтыру	Жұма 1.«Таным б.б.с» Жаратылыстану 2.«Шығармашылық» б.б.с. Музыка 1/3 3.«Шығармашылық» б.б.с. Сурет салу
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Сәлеметсің бе, балақай! Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. «Қайырлы таң». Балалардың дене қызуларын өлшеп, тазалықтарын тексеру.				
Ойындар (үстел- үсті,саусақ және т.б)	Д/О: «Қай аңның ізі»	Жыл мезгілі және қандай ай, қандай апта күні екені туралы әңгімелесу. Қыс мезгілінде неше ай бар? Қыстың қандай айы? Қандай апта күні?	Д/О: «Қай мезгіл? Сипатта?»	Үстел үсті ойындар; «құрастыру» , «сыңарын тап»	Д/о: « Жол ережесі»
Таңертеңгі жаттығу	Жаттығулар кешені №13				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық шараларды өздігінен орындайды. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйренеді. «Бата беру»				

<p>Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық</p>	<p>Тіл ұстарту жаттығу Жа –жа-жалау Жо-жо-жол Жу-жу-жусан Жы-жы-жылан Жә –жә-жәшік Жи-жи-жиек</p>	<p>Тақпақтар Біз –бейбіт ел ұланы Өнер , білім ұраны Алдымыздан жақсы арман Күлім қағып тұрады</p>	<p>Дидактикалық ойын «Қанеки, есіңе түсір!»</p>	<p>Жұмбақ шешу: Жер астында жез қазық, Жеуге болар ас қазық. Ол не? «Сәбіз»</p>	<p>Дидактикалық ойын «Жоғалған зат» ойыны.</p>
<p>Ұйымдас-тырылған оқу қызметтері</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: С.Қалиев «Құмырсқа» өлеңі Мақсаты: Еңбекқорлыққа, бірлікке тәрбиелеу. Жәндіктерге қамқор болуға үйренету. Сөздік қорларын байыта отыра өлең сөздерін жаттау, тілдік дыбысталу мәдениетін меңгерту Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, к-г, ф-в, с-з-ц) анық айтуы жетіледі. Өлеңді бірнеше рет қайталау арқылы балалардың есте сақтау қабілеті дамиды. 2. Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүрді. Бір орында тұрып, екі аяқпен секірді. Табан мен алақанға сүйеніп,</p>	<p>1. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Табиғаттағы қауіпсіздік» Мақсаты: Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Табиғат аясында өзін-өзі ұстау мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру 2. Русский язык Тема: «Дети помогают взрослым» Цель:Продолжается воспитывать уважение к труду взрослых: Закрепляется знания о работе помощника воспитателя,предметах и орудиях труда:воспитывается соблюдать порядок и чистоту в группе:развивается мышление,фантазия, творческое воображение. Дид-я игра «Кто что делает?» 3.Музыка Тақырыбы: «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Мақсаты: Айналадағы кішкентай тіршілік</p>	<p>1. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Құмырсқа туралы ертегі» Мақсаты: Еңбекқорлыққа, бірлікке тәрбиелеу. Жәндіктерге қамқор болуға үйренету. Сөздік қорларын байыту, тілдік дыбысталу мәдениетін меңгерту Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып , балалармен бірге жұмыс жасау. Ертегі кейіпкерлеріне талдау жасау. Құмырсқаның еңбекқорлығын атап өту. 2. Мүсіндеу Мақсаты: Пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды жапсыру. 3. Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу. Допты еденге ұру және екі қолымен қағып алу. Қимылды ойын: «Аю мен аралар»</p>	<p>1.Математика негіздері Тақырыбы: «Құмырсқаның илеуі» Геометриялық пішін - үшбұрышты тану және атау, пішіннің пішінін сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу. 2. Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: .Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру. Допты жерге ұру. Қимылды ойын: «Инеліктер»</p>	<p>1. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ормандағы жәндіктер» Мақсаты:Жәндіктердің аттарын (қоңыз, көбелек, шыбын) бекіту, кейбір жәндіктер туралы (құмырсқа) қарапайым түсінік беру. 2.Музыка Тақырыбы: «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Мақсаты: Айналадағы кішкентай тіршілік иелерінің табиғаттағы орны туралы мағлұмат беру. Музыкалық бейне мен қозғалыс тәжірибесін сәйкестендіре білу Әуенді ырғақты қимыл: «Ақ бидайлар биі» Музыка тыңдау: «Қызыл, жасыл көбелек» Ш.Мұхамеджанов Ән айту: «Бақытты баламыз» А.Еспенбетова Ойын ойнау: «Бақа-бақа балпақ» музыкалық ойын 3.Сурет салу Тақырыбы: «Қанқызы» Мақсаты: Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.Өзінің жұмыстарын және басқа</p>

	<p>төрттағандап еңбектеді. Қимылды ойын: «Құрбақалар»</p>	<p>иелерінің табиғаттағы орны туралы мағлұмат беру. Музыкалық бейне мен қозғалыс тәжірибесін сәйкестендіре білу Әуенді ырғақты қимыл: «Ақ бидайлар биі» Музыка тыңдау: «Қызыл, жасыл көбелек» Ш.Мұхамеджанов Ән айту: «Бақытты баламыз» А.Еспенбетова Ойын ойнау: «Бақа-бақа балпақ» музыкалық ойын</p>			<p>балалардың жұмыстарын бағалай алады. Дид-қ ойын: «Ұшты, ұшты»</p>
II -таңғы ас	Үстел басында нанды үгітпей, қоқымдарды шашпауға тәрбиелеу				
Серуенге дайындық	Киінеді: Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Достарына көмек береді. Аяқ киімдерінің бауларын байлайды және сыдырмаларын жабады. Дербес іс-әрекет жасайды.				
Серуен. Табиғатпен танысу, ойындар, еңбек	<p>Бақылау №2 Күнге бақылау жасау Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып бойынша белсенді сөздікті</p>	<p>Бақылау №3 Желге бақылау жасау. Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту, желдің</p>	<p>Бақылау №4 Аспанға бақылау жасау Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан- сұр, ал қазір -көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету. Қимылды ойын «Қазым, қазым қаңқылда!» Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта</p>	<p>Бақылау №5 Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды. Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса, бұлттар да сонша көбейе түседі. Олар қысты күндегідей аспанды толық баспайды. Тек шоғырланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде болады. Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас</p>	<p>Бақылау №6 Қардың алғашқы еруін бақылау Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерде бірдей қар кетпейді. (ең алдымен жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі.) Күн сәулесі мен жарық жердің тұстары тез еритіндігі туралы балалардың түйсігіне тую. Байқампаздықты дамыту. Қимылды ойын «Жүгір-отыр-жүгір!» Белгі бойынша әрекет</p>

	<p>дамыту. Қимылды ойын «Күн мен бұлт» Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады. Еңбек әрекеті Гүл тұқымын топыраққа егу. Балаларға жұмыстың карапайым, оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама <u>Тапсырма 1.</u> Ауладан күнге қызған затты табу. Оның неден жасалғанын айту. <u>Қорытынды.</u> Алдымен темір заттар қызады. <u>Тапсырма 2.</u> Қай зат тез ысыды? <u>Қорытынды.</u> Ақшылға карағанда кара заттар тез ысыды. <u>Тапсырма 3.</u> Ағаштың көлеңке жағымен күн түсетін тұсын ұстап көру. <u>Қорытынды.</u> Күн</p>	<p>аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. Қимылды ойын «Қақпақ пен таяқ». Еңбек іс-әрекеті Қажеттілік бойынша жұмыс Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды, өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Жақсы, жаман» Табиғатта болып жатқан құбылыстардың жақсы және қарама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету. Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір-бірімен байланысын; ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. (Балаларға желдің әсерінен болған жағымды-жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну). Тапсырма. «Бұлттардың қозғалысына байланысты жел күшін анықтау». Өзіндік іс-әрекет</p>	<p>білдіруіне назар аудару. Еңбек іс-әрекеті Тұқымды қарашірікке отырғызу. Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама «Көктемге арнап бояу табайық» Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді дамыту. Өзіндік іс-әрекет Дәлізде ойынға, оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райының жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту. Қимылды ойын «Кілттер» Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. Еңбек іс-әрекеті Ауладағы қарды тазалау. Күрекпен жұмыс істей білу, қарды үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру.</p>	<p><i>жасауды дамытуды жалғастыру. («Жүгір!»-балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!»-отырады); жылдамдықты (бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру. Еңбек іс-әрекеті Терезе алдындағы бақша (суару) Өз бетімен суару ережесін орындауды үйрету, топырақты қопсыту, су бұрқу. Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікті тәрбиелеу.</i></p>
--	--	--	--	---	---

	түскен жақ жылы, ал көлеңке жағы суық.	Көңілді тыныш сәтті қолдауды қарастырып, өзіндік жұмысты мадақтау			
Серуеннен оралу Гигиеналық және сауықтыру шаралары	Балалар өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Балалар реттілікпен киімдерін шешеді.				
Түскі ас	Мәдени-гигиеналық шараларды өздігінен орындайды. Үлкендер еңбегін бағалауға үйренеді.Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіреді. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйренеді.				
	Дастарханыңа береке берсін, Дендеріңе саулық берсін. Әумин!	Дастарханың мол болсын. Қайда жүрсең жол болсын.	Нан-тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсің	Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастандар.	Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Әумин!
Түскі ұйқы	«Шалқан» ертегісін оқып беру	Баяу әуен тыңдату	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру	Баяу әуен тыңдату	Баяу әуен тыңдату
Ұйқыдан біртіндеп тұрғызу, жаттығулары. Сауықтыру шаралары.	Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындайды.				
	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау	Түйіршікті және жұмасақ жолақшалармен жүру.	Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау.	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау	Түйіршікті және жұмасақ жолақшалармен жүру.
Бесін ас	Дастархан басындағы әдептілікті үйренеді, тамақты тауысып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелейді.				
Ойындар, дербес әрекет	Санамақтар 1-білім алдым 2-есік салдым 3-үй көшірдім 4-төл өсірдім 5-белге шықтым 6-асық тіздім 7-желім жақтым 8 –серке бақтым 9-тойға бардым 10-отын жардым.	Вариативтік бөлім Бөлімі: «Кішкентай пырақ» әңгімесі мақсаты: Әңгіме желісі бойынша өз ойын айта білуге тәрбиеленеді. Пырақ-киелі қанатты ат екенін балалар түсінеді. Өз ойын еркін айта білуге дамиды.	Вариативтік бөлім Бөлімі: «Ертегілер елінде» Тақырыбы: «Төртдос»ертегісі Мақсаты:Балалардыуақыттыба ғдарлайбілугеүйрету. Достыққатәрбиелеу. Көзбұлшықеттеріндамытады.	Сюжет.- рөлдік ойын «Тігінші» Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру.	«Менің үй жануарларым» Өтірік өлең Келе жатсам жұмысқа. Шыға келдім құмырсқа, Құмырсқаға мініп ап, Жетіп алдым жұмысқа.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Негізгі қимылдарды орындаудың	Өзінің құрылыстарымен ойнайды	Тәулік бөліктерін: таңертең,күндіз,кеш, күндер:бүгін,кеше,ертең,жы	Ертегі желісін ретімен орындайды	Употребляет в речи имена существительные единственного и

	қимылдық дағдыларына және техникасына ие; Дияс Асылым	Айша Шахмардан	лдам, баяу ұғымдарын айтады, өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтай алады Даниял Әдемі	Айсұлтан Елмұрат	множественного числе Дияс Айша
Серуенге дайындық	Киінеді: Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Достарына көмек береді. Аяқ киімдерінің бауларын байлайды және сыдырмаларын жабады. Дербес іс-әрекет жасайды.				
Серуендеу	Серуенге қызығушылық танытады .Балалардың ойын алаңындағы дербес ойындары.				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігін ата-анасына айту. Демалыс күндері күндізгі ұйқысын сақтауын ата аналардан өтіну.				

Әдіскер:

Ұсыныс _____

ЦИКЛОГРАММА

«Меруерт» бөбекжай бала бақшасы жеке мекемесі, «Балдәурен» Ересек тобы

4-апта сәуір (25.04-29.04. 2022 жыл)

Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»

Мақсаты: Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру, ересектермен еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулық, тілдік, танымдық және шығармашылық деңгейлері бойынша білім, білік, дағдыларын арттыру.

Міндеттері:

1. Шынықтырудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасын сақтауға қалыптастыру;
2. Үлкендердің еңбегімен таныстыра отырып еңбекті құрметтеуге үйрету. Еңбек әрекеттерін орындауға ынталандыру;
3. Түрлі техникаларды қолдану арқылы пәндік шығармашылық ортаны қалыптастыру, өнерге баулу;
4. Еңбек ету барысында қоршаған ортаны күтіп-баптауға қалыптастыру, бақылағыштық сезімдерін дамыту.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 1.Шығармашылық » б.б.с. Сурет салу 2. «Қатынас»б.б.с. Сөйлеуді дамыту 3.«Шығармашылық» б.б.с. Музыка(1/3)	Сейсенбі 1.«Денсаулық» б.б.с. Дене шынықтыру 2.«Шығармашылық» б.б.с. Жапсыру (4) Мүсіндеу (2)	Сәрсенбі 1.«Шығармашылық» б.б.с. Музыка 2. Қатынас»б.б.с. Көркем әдебиет	Бейсенбі 1.«Қатынас»б.б.с. Орыс тіл 1/3 2.«Таным»б.б.с. Математика негіздері 3.«Денсаулық» б.б.с. Дене шынықтыру	Жұма 1. «Әлеумет» б.б.с. А.Қоршаған ортамен танысу (1/3) «Таным» б.б.с. Ә.Құрастыру (2/4) 2.«Денсаулық» б.б.с. Дене шынықтыру 3.«Таным б.б.с.» Жаратылыстану
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Сәлеметсің бе, балақай! Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. «Қайырлы таң». Балалардың дене қызуларын өлшеп, тазалықтарын тексеру.				
Ойындар (үстел- үсті,саусақ және т.б)	Д/О: «Қай аңның ізі»	Жыл мезгілі және қандай ай, қандай апта күні екені туралы әңгімелесу. Қыс мезгілінде неше ай бар? Қыстың қандай айы? Қандай апта күні?	Д/О: «Қай мезгіл? Сипатта?»	Үстел үсті ойындар; «құрастыру» , «сыңарын тап»	Д/о: « Жол ережесі»
Таңертеңгі жаттығу	Жаттығулар кешені №14				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық шараларды өздігінен орындайды. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйренеді. «Бата беру»				

<p>Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық</p>	<p>Тіл ұстарту жаттығу Жа –жа-жалау Жо-жо-жол Жу-жу-жусан Жы-жы-жылан Жә –жә-жәшік Жи-жи-жиек</p>	<p>Тақпақтар Біз –бейбіт ел ұланы Өнер , білім ұраны Алдымыздан жақсы арман Күлім қағып тұрады</p>	<p>Дидактикалық ойын «Қанеки, есіңе түсір!»</p>	<p>Жұмбақ шешу: Жер астында жез қазық, Жеуге болар ас қазық. Ол не? «Сәбіз»</p>	<p>Дидактикалық ойын «Жоғалған зат» ойыны.</p>
<p>Ұйымдастырылған оқу қызметтері</p>	<p>1. Сурет салу Тақырыбы: «Құстың ұясы» Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салу 2. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ы.Алтынсарин Өрмекші,құмырсқа қарлығаш»әңгімесі. Мақсаты: Табиғатты аялауға, үлкендердің еңбегін сыйлауға, құрметтеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Мәтін мазмұнымен таныстырып,негізгі ойды анықтауға бағыттау.Жіңішке дауысты дыбыстар жайлы білімдерін жетілдіру. Балалардың сөздік қорын, сөйлеу тілін дамыта отырып,шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сөз ішінде жіңішке дауысты</p>	<p>1. Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: Көлденең және көлбеу орындықта төрттағандап еңбектеу. Допты еденге ұру және екі қолымен қағып алу.Аяқты бірге, алшақ қойып, біреуін алға, екіншісін артқа қойып секіру. Қимылды ойын: «Кім көп жинайды?» 2.Мүсіндеу Тақырыбы: «Жемсауыт пен ұя» Мүсіндеу мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерді кеңейте отырып, оған қызығушылықты тәрбиелеу.</p>	<p>1. Музыка Тақырыбы: «Еңбек бәрін жеңбек» Мақсаты: Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Би қимылдарын бекіту. Әр түрлі эмоцияға көзқарастарын білдіру. Әуенді ырғақты қимыл: «Добрый жук» («Күлше қыз»кинофильмінен) Музыка тыңдау: «Бағбан жыры» Қ.Қайым Ән айту: «Мен-бақытты ұланмын» М.Қуанышбаев 2. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шырылдауық шегіртке» Мақсаты:Еңбекке деген сүйіспеншілігін арттыру, уақытын тиімді пайдалана білуге тәрбиелеу. Өлеңнің мағынасын түсіндіру. Ой-өрісін кеңейту,сөздік қорын дамыту</p>	<p>1.Математика негіздері Тақырыбы: «Көктем құстары» Мақсаты: Заттардың санын салыстыруға үйрету, заттардың тең болу және тең болмау ұғымдарымен таныстыруды бекіту 2.Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: Көлденең және көлбеу орындықта төрттағандап еңбектеу. Допты жерге ұру.Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу. Қимылды ойын: «Екінші мен егін»</p>	<p>1. Құрастыру Тақырыбы: Желкенді қайық Мақсаты: Ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Көлік және оның түрлері туралы түсініктерін бекіту. Қалдық материалдан қайықты құрастыра білуге үйрету,саусақ бұлшық еттерін жетілдіру. 2.Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: Көлденең және көлбеу орындықта төрттағандап еңбектеу.Аяқты бірге, алшақ қойып, біреуін алға, екіншісін артқа қойып секіру.Допты бір-біріне төменнен лақтыру. Қимылды ойын: «Тастарды жинау» Спорттық мереке: «Еңбек бәрін жеңбек» 3. Жаратылыстану Тақырыбы: «Пияз бен шөп» Пияздың және шөптің бөлме жағдайында өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. Арам шөптерді жұлуды арқылы оларға күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p>

	дыбыстарды ажырата білуді меңгеререді.				
II -таңғы ас	Үстел басында нанды үгітпей, қоқымдарды шашпауға тәрбиелеу				
Серуенге дайындық	Киінеді: Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Достарына көмек береді. Аяқ киімдерінің бауларын байлайды және сыдырмаларын жабады. Дербес іс-әрекет жасайды.				
Серуен. Табиғатпен танысу, ойындар, еңбек	<p>Бақылау№7 Жылгалар мен шалшықтарды бақылау. Балаларда қардың еруінен пайда болатын жылга мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылганың басталатын тұсы мен ағар жолын тауып алу. Жылганың сыңғырлап агуын тыңдау. Қимылды ойын «Батылдар» Жылгалар мен шалшықтардан секіріп өту, ұзындыққа секіруді үйретуді жалғастыру, дұрыс қона білу. Секіру барысында тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Еңбек іс-әрекеті Аула маңын қоқыстан тазарту Ұжымда еңбектену білуді қалыптастыру, жұм</p>	<p>Бақылау№8 Сұңгілерді бақылау. Балалармен бірге сұңгілерді қарау. Сұңгілердің пішіні, көлемі әр түрлі болатынын атап өту. Олардың пайда болуын түсіндіру (қар ериді, су тамшылайды, бірақ үнемі бірдей, жылы емес; күн суық болғанда су тамшылары қатады, мұздақ төмен қарай өседі). Балалардың көктемгі табиғаттың құбылысы жайында түсінігін кеңейту. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама. Тапсырма I. «Шелекке қанша су жиналады?» Шелекті далаға бірнеше күнге қойып, төбеден аққан судың мөлшерін анықтау. Қорытынды. Су біртіндеп көбейеді, яғни, қар күннен-күнге тез ериді. Тәжірибе. Мұздақтардың астына шелек қойып, күн мол</p>	<p>Бақылау№9 Өзендегі мұздың еруін бақылау. Көктемде күн қызуын мол шашып, күн жылына бастайтынын түсіндіру. Өзен мен көлдерде сең жүре бастайды. Балалармен мұздағы жарықтардың пайда болуын қарау. Мұз ластанады, өйткені жағадағы сулар жылгалар арқылы құйыла бастайды. Мұз үстімен адамдар жүрмейді. Табиғат құбылыстарына деген байқампаздық пен қызығушылықты дамыту. Өз беттерінше қорытынды жасап, сөздік қорды байыту. Қимылды ойын «Өзенге, жағаға» (Эстон халық ойыны) Белгі бойынша қателеспей әрекет жасауды үйретуді жалғастыру (бастаушы бұйрық береді, бірақ өзі бөтен қимылдар жасайды). Өзенге секіру, жағаға секіру (жерде бір-біріне</p>	<p>Бақылау№10 Қар бетінің төмен түсуін бақылау Қардың төмен түсуі күн сайын арта түседі, түсі сұрғұлт тартып, қар беті күртіктеніп, асты борпылдақ қар болатынын түсіндіру. Көктемгі қардың жағдайы туралы балалардың білімін бекіту. Табиғатта болып жатқан өзгерістердің себебі туралы айтып өту. Танымдық қызығушылықтарын дамыту. Қимылды ойын «Жолды тап» Бағыт бойынша аулада кеңістікті бағдарлай алуды бекіту. Аулада ойын мәресінен финишқа дейін жүгіру. Кеңістікті бағдарлауды дамыту. Еңбек іс-әрекеті Өз қалауымен бірлескен еңбек әрекетіне қатыса білуге тәрбиелеу. Еңбек әрекетіне белсене қатысқан балаларды мадақтау.</p>	<p>Бақылау№11 Ағаштарға бақылау жасау Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бұрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бұрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру (аққайыңның бұтағы жіңішке, иілгіш, қабығы қоңыр-қызыл, бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан; терек бұтағы аққайыңға қарағанда жуан, қабығы сұрғұлт-жасыл, бүрі ірі, ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі) Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу. Қимылды ойын «Ағаштан ағашқа» Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту. (кімде-кім аз секірсе сол, жеңімпаз) ойын</p>

	<i>ысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікті тәрбиелеу.</i>	<i>түсетін және күн түспейтін тұстарын бақылап, қай тұста шелек тез толды? Қорытынды. Жарық жақтарымен таныстыру. Мұздақтардың ұзару себебін түсіндіру. Тапсырма 2. Әртүрлі ауа райындағы тамшыны тыңдау. Қорытынды. Аязды және бұлтты күндері тамшылар жоқ.</i>	<i>қарама-қарсы сызықтар). Ойын кезінде жаттығу жасауда күш пен жігерлікті дамыту.</i>		<i>барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыу. Еңбек іс-әрекеті</i> Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. Еңбек нәтижесін көру, топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп, келесі бақылауды ұйымдастыру.
Серуеннен оралу Гигиеналық және сауықтыру шаралары	Балалар өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Балалар реттілікпен киімдерін шешеді.				
Түскі ас	Мәдени-гигиеналық шараларды өздігінен орындайды. Үлкендер еңбегін бағалауға үйренеді. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіреді. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйренеді.				
	Дастарханыңа береке берсін, Дендеріңе саулық берсін. Әумин!	Дастарханың мол болсын. Қайда жүрсең жол болсын.	Нан-тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсін	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастаңдар.	Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Әумин!
Түскі ұйқы	«Шалқан» ертегісін оқып беру	Баяу әуен тыңдату	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру	Баяу әуен тыңдату	Баяу әуен тыңдату
Ұйқыдан біртіндеп тұрғызу, жаттығулары. Сауықтыру шаралары.	Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындайды.				
	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау	Түйіршікті және жұмаспақ жолақшалармен жүру.	Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау.	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау	Түйіршікті және жұмаспақ жолақшалармен жүру.
Бесін ас	Дастархан басындағы әдептілікті үйренеді, тамақты тауысып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелейді.				

Ойындар, дербес әрекет	Санамақтар 1-білім алдым 2-есік салдым 3-үй көшірдім 4-төл өсірдім 5-белге шықтым 6-асық тіздім 7-желім жақтым 8 –серке бақтым 9-тойға бардым 10-отын жардым.	Вариативтік бөлім Бөлімі: Әдептілік әлемінде Тақырыбы: «Үнгірдегі көгершіндер» әңгімесі Мақсаты:Әңгіме желісін мұқият тыңдай білуге тәрбиеленеді. Құстарға қамқор болуға қалыптасады. Аяушылық сезімдері дамиды.	Вариативтік бөлім Бөлімі:«Ертегілер елінде» Тақырыбы: «Саңырауқұлақсаясында»ертегісі Мақсаты:Балалардыдостыққа, бір-бірінекөмектесугетәрбиелеу. Ертегігеқызығушылықтарына рттыру. Көрүмүмкіндіктеріндамытады. .	Сюжет.- рөлдік ойын «Тігінші» Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру.	«Менің үй жануарларым» Өтірік өлең Келе жатсам жұмысқа. Шыға келдім құмырсқа, Құмырсқаға мініп ап, Жетіп алдым жұмысқа.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Негізгі қимылдарды орындаудың қимылдық дағдыларына және техникасына ие; Дияс Асылым	Өзінің құрылыстарымен ойнайды Айша Шахмардан	Тәулік бөліктерін: таңертең,күндіз,кеш, күндер:бүгін,кеше,ертең,жылдам,баяу ұғымдарын айтады, өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтай алады Даниял Әдемі	Ертегі желісін ретімен орындайды Айсұлтан Елмұрат	Употребляет в речи имена существительные единственного и множественного числа Дияс Айша
Серуенге дайындық	Киінеді: Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Достарына көмек береді. Аяқ киімдерінің бауларын байлайды және сыдырмаларын жабады. Дербес іс-әрекет жасайды.				
Серуендеу	Серуенге қызығушылық танытады .Балалардың ойын алаңындағы дербес ойындары.				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігін ата-анасына айту. Демалыс күндері күндізгі ұйқысын сақтауын ата аналардан өтіну.				

Әдіскер:
Ұсыныс _____

ЦИКЛОГРАММА

«Меруерт» бөбекжай бала бақшасы жеке мекемесі, «Балдәурен» Ересек тобы

1-апта мамыр (03.05-06.05.2022 жыл)

Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»

Мақсаты: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларының мазмұндары бойынша меңгерген білім, білік, дағдыларын анықтау, бекіту

Міндеттері:

1. Дене жаттығуларын орындау, қимылды ойындар Ережелерін, спорттық ойындардың техникаларын меңгеру және жеке бас гигиеналарын сақтау дағдыларын бекіту;
2. Ана тілі және басқа да тілдерде барлық дыбыстарды дұрыс айту, қарым-қатынасқа түсу, сөйлемдердің әр-түрлі түрлерін қолдану және сөйлеу дағдыларын бекіту;
3. Тәулік бөліктерін, кеңістіктегі заттардың орналасуын, түрлі мәселелерді шешудің әдістерін және құрылыс бөлшектерін анықтау дағдыларын бекіту. Қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін анықтау;
4. Шығармашылық дағдыларын, отбасылық құндылықтарын және отансүйгіштік сезімдерін бекіту

Күн тәртібі		Сейсенбі 1. «Әлеумет» б.б.с. А.Қоршаған ортамен танысу (1/3) «Таным» б.б.с. Ә.Құрастыру (2/4) 2.«Қатынас»б.б.с. Орыс тіл 1/3 3.«Шығармашылық» б.б.с. Музыка	Сәрсенбі 1. Қатынас »б.б.с. Көркем әдебиет (1/3) 2.«Шығармашылық» б.б.с. Жапсыру (1/3) Мүсіндеу (2/4) 3.«Денсаулық» б.б.с. Дене шынықтыру	Бейсенбі 1.«Таным»б.б.с. Математика негіздері 2.«Денсаулық» б.б.с. Дене шынықтыру	Жұма 1.«Таным б.б.с» Жаратылыстану 2.«Шығармашылық» б.б.с. Музыка 1/3 3.«Шығармашылық» б.б.с. Сурет салу
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Сәлеметсің бе, балақай! Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. «Қайырлы таң». Балалардың дене қызуларын өлшеп, тазалықтарын тексеру.				
Ойындар (үстел- үсті,саусақ және т.б)		Дидактикалық ойыны «Қанқызын тап»	Сюжетті ойын: «Жолаушылар»	Дидактикалық ойыны «Сиқырлы қалта»	Дидактикалық ойыны «Жануарларды орналастыр»
Таңертеңгі Жаттығу	Жаттығулар кешені №15				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық шараларды өздігінен орындайды. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйренеді. «Бата беру»				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне Дайындық		1. Ағаш тамырымен, Адам досымен мықты. 2.Жолдасы көптің олжасы көп. 3. Жолдасын тастаған жолда қалар.	Жұмбақ шешу: Жер астында жез қазық, Жеуге болар ас қазық. Ол не? «Сәбіз»	1.Ер қанаты – ат. 2. Күш атасын танымайды..	Жұмбақ шешу: Айдалада ақ отау, Аузы мұрны жоқ отау. Ол не? (Жұмыртқа)

<p>Ұйымдас-тырылған оқу қызметтері</p>	<p>1. Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: Жоғары көтерілген таяқтың астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіреді. Қырлы тақтаймен тепе-теңдікті сақтап жүреді. Гимнастикалық қабырға бойынша оң аралықтан сол аралыққа ауысады. Қимылды ойын: «Досыңа көмектес»</p>	<p>1. Музыка Тақырыбы: «Халықтың қуаты-бірлікте» Мақсаты: Халықтар достығын насихаттау. Әр ұлт музыкасынан хабардар болу. Әуен аяқталуын дәл аңғару. Әуенді ырғақты қимыл: Ұлттық билерден попури Музыка тыңдау: «Достық әні» Б.Жұмабекова Ән айту: «Ағайынбыз бәріміз» М.Әубәкіров Ойын ойнау: «Кешікпе» орыс хал ойыны</p> <p>2. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Тату доспыз бәріміз» Мақсаты: Үлкенге, кішіге көмек беруге тәрбиеленеді. Балаларды сурет бойынша өздеріне таныс ертегілердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге қалыптасады. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге арааласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігі дамиды Дидактикалық ойын: "Ғажайып текше"</p>	<p>1. Русский язык Тема: «Защитники Отечества» Цель: У детей формируются знания об армии, сформировать у них первые представления о родах войск, о защитниках Отечества. Развивается словарный запас спомощью новых существительных и прилагательных: парашютист, танкист, летчик. Воспитывается чувство гордости за свою армию, вызвать желание быть похожими на сильных, смелых воинов, любовь к Родине, к родным людям, воспитывать доброту, умение дружить. Дид-я игра: «Кто где служит?» 2. Математика негіздері. Тақырыбы: «Бір шаңырақ астында» Мақсаты: Жақындарымен жааксы қарым -қатынас ортануға тәрбиелеу. Өзге ұлт өкілдері туралы түсініктерін кеңейте отырып, өлшем ұғымдарын меңгереді. Реттік сан есімдерді бекітеді. Математикалық білім беру ақыл-ой қабілеттері дамиды. Дидактикалық ойын: "Сиқырлы пішіндер" 3. Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: Жоғары көтерілген таяқтың астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіреді. Заттарды алысқа дәлдеп лақтырады (3,5-6,5м. кем емес). Көлденең және</p>	<p>1. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Ғажайып жануарлар әлемі» Мақсаты: Қоршаған ортаны сүюге, мейірімділікке тәрбиеленеді. Жануарлардың табиғаттағы рөлі мен маңызы туралы түсінік қалыптасады. Негізгі топтармен таныстыру, ой-өрісі, зейіні дамиды Дидактикалық ойын "Балаларын ата" 2. Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: Жоғары көтерілген таяқтың астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіре алады. Қырлы тақтаймен тепе-теңдікті сақтап жүре алады. Биіктігі 5-10см 2-3 заттың үстінен кезектесе секіреді. Қимылды ойын: «Ине-жіп» Бурят ойыны 3. Жаратылыстану Тақырыбы: «Кесіртке қайда мекендейді?» Мақсаты: Жануарлар және өсімдіктер әлеміне мейірімді болуға тәрбиеленеді. Кесірткенің сыртқы құрлысын сурет арқылы әңгімелеп беруді үйренеді. Тіршілік иесін сипаттай білуі, есте сақтау қабілеті, зейіні дамиды. Дидактикалық ойын: "Кім қайда тұрады?"</p>
---	--	--	--	---

				көлбеу орындықта төрттағандап еңбектейді. Қимылды ойын: «Достық көпірі»	
II -таңғы ас	Үстел басында нанды үгітпей, қоқымдарды шашпауға тәрбиелеу				
Серуенге дайындық	Киінеді: Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Достарына көмек береді. Аяқ киімдерінің бауларын байлайды және сыдырмаларын жабады. Дербес іс-әрекет жасайды.				
Серуен. Табиғатпен танысу, ойындар, еңбек	<p>Бақылау№12 <i>Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау.</i> Балалардың назарын аққайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырынды қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызғушылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. Қимылды ойын «Орман дақтары» Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын, ойынға деген қызығушылықты арттыру. Еңбек іс-әрекеті Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту. Еңбек</p>	<p>Бақылау№13 <i>Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау</i> Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу. Қимылды ойын «Секіргіш бақалар» Керілген сымнан секіре білуді жалғастыру. (Тәрбиеші жіптің бір ұшын ұстап, жерге айналдыра дөңгелетеді, ал шеңберде тұрған балалар секіру керек). Балалардың физиологиялық ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту. Еңбек іс-әрекеті Ағаш түбін әктеу. Ағаштың түптерін әктеу. Щетканы оң қолмен ұстап, жоғарыдан төменге қимылдар жасау. Берілген тапсырманы мұқият тыңдап, істі аяғына дейін жеткізу. Қиындық туа қалған жағдайда көмекке келу.</p>	<p>Бақылау №14 <i>Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.</i> Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту. Күн қыза бастады, қар еріді, топырақ жылынды, көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету. Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету Қимылды ойын «Көк шөптегі хоккей» Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту, қақпаға соғу, бір орында тұрып кіргізу. Ойында достық көмекке келуді үйрету. Еңбек іс-әрекеті Ауладағы қураған шөпті жинау Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып, ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын</p>	<p>Бақылау №15 <i>Бақбақтың өсуін бақылау</i> Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту. Қимылды ойын «Гүлдер» Гүлдердің атауын пысықтау (ойыншылар өздеріне гүл атауын таңдап алады). Алаңда қозғалу біліктіліктері, белгіні сезіне білу (бастаушы басқа ойыншылармен алаң ішінде қозғалып жүреді, бастаушы гүлді атайды, аты аталған гүл-ойыншы қолын көтеріп қашады); ойын тәртібін сақтау (жаңа гүлді атай алмаған ойыншы бастаушыны ауыстырады). Еңбек іс-әрекеті Гүлзарлардағы гүлдері бағып, күту. Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту. (танертең не кешке суару, күн қызбай тұрғанда асықпай біркелкі суару). Гүлдерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу.</p>	

		<i>барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету.</i>		тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу Гигиеналық және сауықтыру шаралары	Балалар өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Балалар реттілікпен киімдерін шешеді.				
Түскі ас	Мәдени-гигиеналық шараларды өздігінен орындайды. Үлкендер еңбегін бағалауға үйренеді.Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіреді. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйренеді.				
	Дастарханың мол болсын. Қайда жүрсен жол болсын.	Нан-тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсің	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастандар.	Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Әумин!	
Түскі ұйқы	«Үйшік» ертегісі	«Үш аю» ертегісі	«Жеті лақ»ертегісі	«Қызыл телпек»ертегісі	
Ұйқыдан біртіндер тұрғызу, жаттығулары. Сауықтыру шаралары.					
	Түйіршікті және жұмасақ жолақшалармен жүру.	Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау.	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау	Түйіршікті және жұмасақ жолақшалармен жүру.	
Бесін ас	Дастархан басындағы әдептілікті үйренеді, тамақты тауысып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелейді.				
Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік бөлім Бөлімі: Әдептілік әлемінде Тақырыбы: «Құмға малтыққан ат» әңгімесі Мақсаты: Балаларды жануарларға қамқор болуға тәрбиеленеді. Әңгіме желісін түсінеді. Өз ойын еркін айта білуге дамиды.	Вариативтік бөлім Бөлімі: «Ертегілер елінде» Тақырыбы: «Қысқыбаспана» ертегісі Мақсаты: Ертегініоқиотырып балалардыңүйжануарларынад егенсүйіспеншіліктерінтәрбие леу.Естесақтауқабілеттерінде мытады.	Құрылымдалған ойыны: «Кім тез құрастырады» Мақсаты: Балалар түрлі бейнелерді құрстыра алады.	Құрылымдалған ойын: «Мен қандаймын» Мақсаты: Адам бойындағы жақсы қасиеттерді атай алады.	
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Бірізділікпен азаятын 3 немесе одан да көп бөліктерден түрлі түсті пирамидалар құрастырту. Дияс Аружан	Балалармен жеке жұмыс Бекарыс, Аялаға көлемі, түсі, пішіні бойынша біртекті заттарды топтастыра алулары үшін жұмыс Аяна Дамир	Балалармен жеке жұмыс сөздерді дұрыс қолдануға үйрету Динислам Дияр	Төрт түрлі бояуды дұрыс қолдануына жұмыс жасау. Аяла Аруна	

Серуенге дайындық	Киінеді: Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Достарына көмек береді. Аяқ киімдерінің бауларын байлайды және сыдырмаларын жабады. Дербес іс-әрекет жасайды.
Серуендеу	Серуенге қызығушылық танытады .Балалардың ойын алаңындағы дербес ойындары.
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігін ата-анасына айту. Демалыс күндері күндізгі ұйқысын сақтауын ата аналардан өтіну.

Әдіскер:

Ұсыныс _____

ЦИКЛОГРАММА

«Меруерт» бөбекжай бала бақшасы жеке мекемесі, «Балдәурен» Ересек тобы

2-апта мамыр (11.05-13.05.2022 жыл)

Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»

Мақсаты: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларының мазмұндары бойынша меңгерген білім, білік, дағдыларын анықтау, бекіту

Міндеттері:

1. Дене жаттығуларын орындау, қимылды ойындар Ережелерін, спорттық ойындардың техникаларын меңгеру және жеке бас гигиеналарын сақтау дағдыларын бекіту;
2. Ана тілі және басқа да тілдерде барлық дыбыстарды дұрыс айту, қарым-қатынасқа түсу, сөйлемдердің әр-түрлі түрлерін қолдану және сөйлеу дағдыларын бекіту;
3. Тәулік бөліктерін, кеңістіктегі заттардың орналасуын, түрлі мәселелерді шешудің әдістерін және құрылыс бөлшектерін анықтау дағдыларын бекіту. Қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін анықтау;
